

**Қарғалы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек көрсету туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 172 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 қаңтарда № 3762 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 07 желтоқсандағы № 288 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 07.12.2018 № 288 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 27.07.2016 № 52 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес, Қарғалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарғалы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдары мамандарына отын сатып алу үшін аудандық бюджет қаражаты есебінен 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихатының  
сессия төрағасы  
Ж.Кольжанов*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
Х.Жылқыбеков*